

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 1 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/NIUS7438>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Беларусь)

Кудышева А. А.,

к.п.н., ассоц. профессор

Омарова А. Р.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И МЕТОДИКИ ОБУЧЕНИЯ

FTAMP 14.31.07

<https://doi.org/10.48081/EPZB5640>

***Ж. А. Зулкарнаева¹, А. Ж. Кусаинова²,
А. К. Арғимбаева³, Н. М. Шубаева⁴**

^{1,2,3,4}Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті,
Қазақстан Республикасы, Көкшетау

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖОБАЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ІСКЕ АСЫРУ

Осы жұмыста студенттердің ғылыми құзіреттілігін қалыптастыруда жобалық оқыту технологиясының мүмкіндігі қарастырылады. Дидактикалық құралдарды негіздеу және жобалық оқыту процесінде студенттердің зерттеу құзіреттілігін қалыптастыру – мақаланың мақсаты болып табылады. Мақала авторлары ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарының анықтамаларын нақтылады. Зерттеу құзіреттілігі студенттердің когнитивтік, пәндік-практикалық және жеке тәжірибесінің күрделі синтезі ретінде әрекет ететіні көрсетілген. Зерттеу құзіреттілігінің жетекші функциялары анықталды және сипатталды. Дидактикалық құралдар және дайындық түрлеріне (теориялық, практикалық) байланысты жобалық оқытудың дамушы мүмкіндіктерін іске асыру шарттары белгіленді. Зерттеу құзіреттілігін дамыту деңгейлері айқындалып, мазмұнды сипатталған. Зерттеу нәтижелері бойынша респонденттердің көпшілігінде зерттеу құзіреттілігін дамыту деңгейінің төмендігі және оқуды бітіруші курс студенттерінің 25 %-ында құзіреттіліктің осы түрін дамытудың жоғары деңгейі бар екендігі анықталды. Бұл қазіргі заманғы жоғары мектеп түлектерінің көп жағдайда заманауи тез және қарқынды өзгеретін еңбек нарығында табысты қызмет етуге дайын еместігін білдіреді. Жобалық оқытудың даму әлеуетін күшейту студенттердің зерттеу құзіреттілігін қалыптастыруға айтарлықтай әсер

етеді. Зерттеушілік білігі мен дағдылары бүгінгі күні ғылыммен айналысатын адамдарға ғана тән емес, түрлі саладағы әрбір адамның әрекетіне қажет.

Кілтті сөздер: технология, жобалық оқыту, қалыптастыру, зерттеу құзыреттілігі, студенттер, дидактикалық құралдар, шарттар.

Кіріспе

Қазіргі қоғамның дамуы үнемі өсіп келе жатқан қарқынмен, табиғат танымының жаңа деңгейлеріне енуімен, әлеуметтік құрылымның өзгеруімен және бұрын белгісіз салаларда сапалы жаңа қызмет түрлерінің пайда болуымен сипатталады. Мұндай жағдайларда қазіргі заманғы маман үшін қажетті ақпаратты өз бетінше іздеуге қабылеттілік пен ұмтылыстың болуы, кәсіби қызметтің теориялық негіздерін құрайтын іргелі білімді игеру, мінез-құлық пен қызметтің жаңа стратегияларын құру және іске асыру ерекше маңызды болады. Зерттеу компонентасы маманның кәсіби және әлеуметтік қызметке дайындығы құрылымындағы жетекші компоненттердің біріне айналады. Сондықтан зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыру және дамыту туралы мәселе жоғары мектеп түлектеріне қойылатын өзекті талаптардың қатарына қойылады.

Бұл жағдайда жоғары кәсіптік білім мамандарды даярлаудың қатаң жүйесінен еңбек саласындағы өзгерістерге бейім, белгісіздік пен үйлесімсіздік жағдайында шешім қабылдауға және әрекет етуге қабілетті, іске шығармашылықпен қарауға бағытталған, жоғары ойлау мәдениетіне ие маман қалыптастыруға мүмкіндік беретін икемді жүйеге көшу қажеттілігіне келеді [1, 2].

Мәдениеттің жаңа, жобалық-технологиялық түрін қалыптастыру жағдайында студенттердің зерттеу құзіреттілігін дамытуда жобалық оқыту технологиясының педагогикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру жолдарын іздеу өте өзекті болып көрінеді. Алайда, зерттеушілер осы контексте жобалық оқыту технологиясының педагогикалық әлеуетін зерттеуге және ашуға әзірге аз көңіл бөледі.

Зерттеудің мақсаты: жобалық оқыту процесінде дидактикалық құралдарды және студенттердің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру шарттарын негіздеу.

Материалдар мен әдістер

«Құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарын белгілеуге әртүрлі көзқарастардың талдауы көрсеткендей, дефинициялардағы айырмашылықтарға қарамастан, зерттеушілердің көпшілігі құзыреттілікті адамның оған және іс-әрекет


мәніне жеке көзқарасын қоса алғанда, тиісті құзыретке ие болу және игеру сияқты өмірлік және кәсіби мәселелерді шешудегі талдап қорыту қабілеті ретінде анықтайды [3, 4].

Құзіреттілік, өз кезегінде, объективті тұлғалық емес көрсеткіш ретінде, бөлектелген, оқушының дайындық деңгейіне алдын ала белгіленген норма болып белгіленеді, бұл білім берудің мақсаты болып табылады.

Құзыреттілік жүйе болып табылады және негізгі өзара байланысты және өзара бір-бірін толықтырушы компоненттерді қамтиды: білім, икемділіктер, дағдылар, қызмет әдістері, жүйенің өзі талап ететін жеке қасиеттер.

Практикалық жағы: икемділіктер, дағдылар, қызмет әдістері негізге алынатын компонент болып табылады.

Құзыреттіліктің аталған компоненттерін кіріктіру құзыреттілікті жеке сипаттама ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді (1-сурет).



Сурет 1 – Құзыреттіліктің жеке сипаттама ретіндегі сұлбасы

Оны іске асыру үшін мынадай шарттар принципті түрде қажетті болып табылады:

– мақсат қоюдың өзіндік ішкі уәжді рәсімі процесі ретінде мақсат қоюға көзқарасты өзгерту;

- студенттің құзыреттілігін қалыптастыруға қажетті білім мазмұнын белгілеу және іріктеу;
- оқытушы рөлінің – білімнің және іс-әрекет тәсілдерінің трансляторынан білім беру үдерісін ұйымдастырушыға өзгеруі;
- студенттердің жеке бейімділіктеріне байланысты білім беру құзыреттіліктерін белгілеуге және қалыптастыруға ықпал етуі тиіс оқыту әдістерінің өзгеруі;
- әрбір білім алушыда өз тәжірибесі (құзыреттер жиынтығы) болатын, игерілетін тәжірибенің ерекшеліктерін ескеруге тиіс бағалау рәсімдерін қолдану;
- басты құзыреттерді қалыптастыруға ынталандыратын білім беру ортасын құру.

Әрі қарай, зерттеу логикасы бойынша «зерттеу құзыреттілігі» ұғымының талдауы қажет болады [5, 6].

Осы ұғым бойынша жазылған әдебиет көздеріне жасалған талдау анықтама негізіне алынған әртүрлі тұжырымдаманы зерттеудің бірнеше тәсілдерін көрсетуге мүмкіндік берді (2-сурет).



Сурет 2 – «Зерттеу құзыреттілігі» ұғымын зерттеу тәсілдері

Сұлбадан көрініп тұрғандай, бірінші тәсілді жақтаушылар құзыреттілік тұжырымдамасына сүйенеді және зерттеу құзыреттілігін басты құзыреттіліктің бірі ретінде қарастырады. Екінші тәсілдің өкілдері негізге іс-әрекет ұғымын алады және зерттеу құзыреттілігін адамның зерттеу қызметін жүзеге асыруға дайындығы ретінде қарастырады.

Зерттеушілердің үшінші тобы негізгі ұғым ретінде «зерттеуді» алады және осыған сәйкес зерттеу құзыреттілігін адамның зерттеуді дайындауға және жүргізуге дайындығы ретінде белгілейді (педагогикалық, психологиялық және т.б.) [7, 8].

Біздің ойымызша, барлық үш тәсілдің кемшілігі – «зерттеу құзыреттілігі» ұғымының ұсынылған түсіндірмелерінің сенімді негіздемесінің болмауы.

Осы жұмыста зерттеу құзыреттілігінің жетекші функциялары анықталды (3-сурет).



Сурет 3 – Зерттеу құзыреттілігінің жетекші функциялары

Бұл функцияларды былайша сипаттау қажет: тұлғалық-дамытушылық (танымдық үдерістерді, эмоциялық-еріктік саланы дамыту, болашақ педагогтердің интеллектуалдық өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру тәсілдерін игеруі); ғылыми-әдіснамалық (әлемнің қазіргі ғылыми бейнесі туралы тұтас түсінікті қалыптастыру, ғылыми таным әдістерін меңгеру, ойлаудың ғылыми стилін қалыптастыру); мәдениеттану (ғылыми қоғамдастықтың мәдениеті мен дәстүрлері арқылы мәдениет әлеміне ену, ғылыми мектептердің мәдениетімен, зерттеу мәдениетімен танысу, қазіргі ғылым мен техниканың дамуын кең әлеуметтік-мәдени контекстіге тарту); құндылыққа бағдарлау (оқытуда жеке мағынаны іске асыру шарты ретінде өзінің зерттеу қызметінің құндылығын түсіну қабілеті, жеке тұлғаның білімнен алшақтауын еңсеру құралы) [9].

Зерттеу құзыреттіліктерін дамыту-бұл оның ажырамас байланысты жақтарын: құндылық-мотивациялық және операциялық қалыптастырудың бірыңғай процесі. Зерттеу құзыреттерінің қалыптасу деңгейі білім алушылардың зерттеу қызметінің мотивациялық және операциялық тараптары

арасында өзара тәуелділіктің бар екендігін түсіну дәрежесімен анықталады. Осыны ескере отырып, зерттеу құзыреттілігін дамыту деңгейлері (төмен, орташа, ортадан жоғары, жоғары) бөліп көрсетіліп, мазмұнды сипатталған.

Сонымен, зерттеудің негізгі әдістері: теориялық (зерттеу пәні мен проблемаларын талдау; оқыту процесін модельдеу және жобалау, зерттеу нәтижелерін қорытып талдау және т.б.), эмпирикалық (студенттердің қызметін байқау, сауалнама, ауызша және жазбаша сауалнамалар арқылы зерттеу; тестілеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс, оқу жоспарлары мен жұмыс бағдарламаларының құжаттарын, студенттердің үлгерімі туралы аттестаттау құжаттарын талдау және т.б.) және зерттеу нәтижелерін өңдеудің математикалық, статистикалық әдістері.

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Зерттеу барысында зерттеу құзыреттілігін дамытудың үш негізгі кезеңі анықталды: ситуациялық белсенділік, ситуация талаптары деңгейінен жоғары белсенділік және шығармашылық белсенділік. Сонымен қатар, біз жобалық технология үш деңгейлі жобаларды орындауды қамтиды деген идеяға сүйендік: ситуациялық белсенділікке сәйкес келетін бірінші деңгейдегі шағын минижобалар (мысалы, дәстүрлі оқу мәселелерін шешу); тұлғаның ситуациядан жоғары белсенділігіне сәйкес келетін екінші деңгейдегі неғұрлым ірі, орта жобалар (мидижобалар) (мысалы, рефераттар, баяндамалар дайындау, ойын модельдеу және т.б.); тұлғаның шығармашылық белсенділігіне сәйкес келетін үшінші деңгейдегі ірі оқу жобалары (максижобалар) (мысалы, курстық және дипломдық жұмыстар) [10].

Жобалық оқытуды іске асыру процесінде студенттердің зерттеу құзыреттілігін тиімді қалыптастырудың мынадай дидактикалық шарттары белгіленді: проблемалық сипат беру арқылы міндеттер мен тапсырмалардың зерттеу әлеуетін күшейту; студенттердің өзіндік жобалық қызметінің үлес салмағы мен пәнаралық сипатын дәйекті түрде арттыру; студенттерді кәсіби қызметтің нақты жағдайларына барынша жақындатылған жағдайларға енгізу; ЖОО-да жобалық оқытуды іске асырудың әртүрлі нысандарын үйлестіру; студенттердің зерттеу құзіреттілігінің қалыптасу деңгейлерін мониторингілеу [11].

Теориялық оқыту процесінде студенттердің дәстүрлі оқу тапсырмалары мен тапсырмалары түрінде шағын жобаларды орындауы жобалық оқытудың ерекшелігі болды. Осындай міндеттер мен тапсырмалардың зерттеу әлеуетін күшейту мақсатында оларға проблемалық сипат беру қажет болды, ал қызметтің мазмұндық негізі ретінде кәсіби-бағытталған материал пайдаланылды. Теориялық оқыту процесінде курстан курсқа көшкен сайын студенттердің өзіндік жобалық іс-әрекетінің үлес салмағы артты, олардың

пәнаралық сипаты мен нақты өмірлік және кәсіби тәжірибемен байланысы күшейе түсті.

Жеке критерийлер бойынша эксперименттік жұмыстың нәтижелері және тұтастай алғанда зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру I және 2 кестелерінде келтірілген.

Кесте 1 – Эксперименттік және бақылау топтары студенттерінің зерттеу қызметі мотивациясының динамикасы (%-бен)

Деңгейлер	I		II		III		IV	
	Басы	Соңы	Басы	Соңы	Басы	Соңы	Басы	Соңы
Экспер. топ	4,2	0,0	61,7	43,0	24,6	33,7	13,8	26,7
Бақылаушы топ	0,0	6,2	64,2	46,3	23,4	31,8	14,6	12,4

Бұл кестелер эксперименттік топта мотивация деңгейі жоғары студенттер саны (үшінші және төртінші деңгейлер) эксперименттің басында 34,0 %-дан 56,0 %-ға дейін өскенін көрсетті, яғни педагогикалық әсер 23 %-ды құрады. Бақылау тобында тиісінше 36,7 %-дан 42,0 %-ға дейін өсті, бұл 8,0 %-ға өсуді байқатады. Көріп отырғанымыздай, эксперименттік және бақылау топтарындағы мотивациясы жоғары студенттер санының айырмашылығы 14,0 %-ды құрайды.

Мотивациялық саладағы өзгерістерді сапалы талдау эксперименттік топ студенттерінің мотивтер құрамында (атап айтқанда, танымдық қызығушылықтың рөлі артты), олардың бағыты мен динамикалық қасиеттерінде өзгерістер болғанын көрсетеді. Эксперименттік топ студенттерінің мотивациясының құрамында мектептегі жұмысқа тікелей байланысты мотивтер басым бола бастады. Мысалы, мен мектеп оқушыларын жақсырақ зерттеп, түсінуді үйренгім келеді; маған проблемаларды шешудің әртүрлі нұсқаларын табу ұнайды, педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық сипаты ұнайды және басқалар. Бақылау тобының респонденттерінде зерттеу қызметімен тікелей байланысты емес себептер басым болды. Оларға: өзін-өзі тануға деген ұмтылыс, гуманитарлық пәндерге деген қызығушылық, жоғары білім алуға деген ұмтылыс және т.б.

Жалпы алғанда, «зерттеу құзыреттілігі» сияқты жеке тұлғаның қасиетін қалыптастыруға келетін болсақ, зерттеудегі бұл мәселе кешенді тестіні қолдану арқылы шешілді. Бұл бізге зерттеу құзыреттілігінің сандық сипаттамаларын алуға мүмкіндік берді. Эксперименттің басындағы және соңындағы диагностиканың нәтижелері 2-кестеде келтірілген.

Кесте 2 – Эксперименттің басы мен соңындағы студенттердің зерттеу құзыреттілігінің қалыптасу деңгейінің қарқыны (%-бен)

Топ (іріктеу)	Зерттеу құзыреттілігінің деңгейлері							
	I		II		III		IV	
	Басы	Соңы	Басы	Соңы	Басы	Соңы	Басы	Соңы
Экспер. топ	8,0%	0,0%	37,0%	13,0%	46,0%	59,6%	8,0%	26,0%
Бақылаушы топ	12,4%	12,4%	38,5%	34,3%	41,4%	31,8%	8,5%	8,6%

Эксперимент барысында екі топта да зерттеу құзыреттілігінің жоғары (үшінші және төртінші) деңгейлері бар студенттер санының өсуі байқалады. Алайда эксперименттік және бақылау топтарының деректерін салыстыру өзгерістер диапазонында айтарлықтай айырмашылықтың болуын көрсетеді. Эксперименттің басында эксперименттік топтарда зерттеу құзыреттілігінің төмен деңгейлерінде оқушылардың 44,0 %-ы, респонденттердің жартысына жуығы, ал бақылау топтарында тиісінше 50,0 % болды. Эксперимент соңында эксперименттік топтарда зерттеу құзыреттілігінің төменгі деңгейлерінде респонденттердің тек 12,0 %-ы (оның ішінде ең төменгі деңгейде – 0,0 %), ал бақылау тобында 45,8 %-ы, яғни эксперименттік топтарға қарағанда әлдеқайда (33,8 %-ға) көп болды. Зерттеу құзыреттілігін қалыптастырудың жоғары деңгейі бар респонденттерге келетін болсақ, эксперименттің басынан аяғына дейін олардың саны былайша өзгерді: эксперименттік топтарда – 56,0 %-ан 88,0 %-ға дейін, ал бақылаушы топтарда – 50,0 %-дан 54,2 %-ға дейін.

Қорытынды

Осылайша, зерттеу барысында жоғары оқу орнында жобалық оқытудың даму әлеуетін ғылыми негізделген күшейту бойынша мақсатты жұмыс студенттердің зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруға айтарлықтай әсер ететіні анықталды. Бұл ретте зерттеу құзыреттілігінің ең төменгі деңгейі (бірінші) және тиісті құзыреттіліктің жоғары (үшінші) деңгейі бар студенттерде ең жоғары нәтиже байқалады.

Әр түрлі көрсеткіштердің динамикасын салыстыру (мотивация деңгейлері, сыни ойлау, жалпы зерттеу құзыреттілігі) тәуелсіз эксперимент факторларының тұтас, кешенді әсерінің ықпалын анықтауға мүмкіндік береді.

Жобалық оқыту технологиясын және дидактикалық құралдар мен оның даму әлеуетін күшейту шарттарын қолдану студенттердің зерттеу қабілеттерін жандандыратыны және оларға зерттеу қызметі саласындағы білім мен дағдыларды іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретіні, яғни студенттердің зерттеу құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға ықпал ететіні анықталды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Байдено, В.** Компетенции в профессиональном образовании (к освоению компетентностного подхода) [Текст] // Высшее образование в России. – 2004. – № 11. – С. 3–13.
- 2 **Щукин, А. Н.** Компетенция или компетентность [Текст] // Русский язык за рубежом. – 2008. – № 8. – С. 14–20.
- 3 **Серозудинова, Г. В., Волостных, Р. Г., Галета, М. А.** Проектное обучение и деятельность студенческого научно-исследовательского сообщества [Текст] // Образование. Карьера. Общество. – 2018. – № 1 (56). – С. 45–48.
- 4 **Безукладников, К. Э.** Формирование компетенций в процессе профессиональной подготовки работников сферы социально-педагогической деятельности [Текст] // Педагогическое образование и наука. – 2011. – № 6. – С. 65–70.
- 5 **Чернилова, Н. Г.** Система проектного обучения как инструмент развития самостоятельности старшеклассников [Текст]. – Саратов, 1997. – 130 с.
- 6 **Емельянова, Н. В.** Проектная деятельность студентов в учебном процессе [Текст] // Высшее образование сегодня. – 2011. – № 3. – С. 82.
- 7 **Зимняя, И. А.** Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования [Текст] // Высшее образование сегодня. – 2003. – № 5. – С. 34–42.
- 8 **Колесникова, И. А., Горчакова-Сибирская, М. П.** Педагогическое проектирование [Текст]. – М. : Академия, 2008. – 288 с.
- 9 **Манзук, В. И.** Развитие проектно-исследовательской компетентности педагогов колледжа как фактор подготовки конкурентоспособных специалистов [Текст] // Человек и образование. – 2012. – № 3 (32). – С. 113.
- 10 **Зеер, Э. Ф.** Компетентный подход в образовании [Текст] // Образование и наука. – 2005. – № 3(33). – С. 27–35.
- 11 **Середенко, П. В.** Формирование исследовательских компетенций у выпускников педвузов [Текст]. – Южно-Сахалинск : Изд-во СахГУ, 2013. – 161 с.

REFERENCES

- 1 **Baidenko, V.** Kompetentsii v professionalnom obrazovanii (k osvoeniiu kompetentnostnogo podkhoda) [Competencies in vocational education (for the development of a competency-based approach)] [Text] // Vysshee obrazovanie v Rossii. – 2004. – № 11. – P. 3–13.

2 **Shchukin, A. N.** Kompetentsiia ili kompetentnost [Competence or Competency] [Text] // Russkii iazyk za rubezhom. – 2008. – № 8. – P. 14–20.

3 **Serozudinova, G. V., Volostnykh, R. G., Galeta, M. A.** Proektnoe obuchenie i deiatel'nost' studencheskogo nauchno-issledovatel'skogo soobshchestva [Project learning and student research community activities] [Text] // Obrazovanie. Karera. Obshchestvo. – 2018. – № 1(56). – P. 45–48.

4 **Bezukladnikov, K. E.** Formirovanie kompetentsii v protsesse professionalnoi podgotovki rabotnikov sfery sotsialno-pedagogicheskoi deiatel'nosti [Formation of competencies in the process of professional training of workers in the sphere of social and pedagogical activity] [Text] // Pedagogicheskoe obrazovanie i nauka. – 2011. – № 6. – P. 65–70.

5 **Chernilova, N. G.** Sistema proektnogo obucheniia kak instrument razvitiia samostoiatel'nosti starsheklassnikov [The system of project-based education as a tool for developing the independence of high school students] [Text]. – Saratov, 1997. – 130 p.

6 **Emelianova, N. V.** Proektnaia deiatel'nost' studentov v uchebnom protsesse [Project activities of students in the educational process] [Text] // Vysshee obrazovanie segodnia. – 2011. – № 3. – P. 82.

7 **Zimniaia, I. A.** Kliuchevye kompetentsii – novaia paradigma rezultata obrazovaniia [Key competencies – a new paradigm of educational outcomes] [Text] // Vysshee obrazovanie segodnia. – 2003. – № 5. – P. 34–42.

8 **Kolesnikova, I.A., Gorchakova-Sibirskaiia, M. P.** Pedagogicheskoe proektirovanie [Pedagogical design] [Text]. – Moscow : Akademiia, 2008. – 288 p.

9 **Manzuk, V. I.** Razvitie proektno-issledovatel'skoi kompetentnosti pedagogov kolledzha kak faktor podgotovki konkurentosposobnykh spetsialistov [Development of design and research competence of college teachers as a factor in the preparation of competitive specialists] [Text] // Chelovek i obrazovanie. – 2012. – № 3(32). – P. 113.

10 **Zeer, E. F.** Kompetentnostnyi podkhod v obrazovanii [Competence approach in education] [Text] // Obrazovanie i nauka. – 2005. – № 3(33). – P. 27–35.

11 **Seredenko, P.V.** Formirovanie issledovatel'skikh kompetentsii u vypusknikov pedvuzov [Formation of research competencies among graduates of pedagogical universities] [Text]. – Iuzhno-Sakhalinsk : Izd-vo SakhGU, 2013. – 161 p.

Материал 17.03.22 баспаға түсті.

*Ж. А. Зулкарнаева¹, А. Ж. Кусаинова², А. К. Аргимбаева³, Н. М. Шубаева⁴

^{1,2,3,4}Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова,

Республика Казахстан, г. Кокшетау.

Материал поступил в редакцию 17.03.22.

РЕАЛИЗАЦИЯ ВОЗМОЖНОСТЕЙ ТЕХНОЛОГИИ ПРОЕКТНОГО ОБУЧЕНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТУДЕНТОВ

В настоящей работе рассматривается возможность технологии проектного обучения в формировании исследовательских компетенций студентов. Целью статьи является обоснование дидактических средств и условий формирования исследовательской компетентности студентов в процессе проектного обучения. Авторами статьи уточнены определения понятия «компетенция», «компетентность» на основе анализа научной литературы. Показано, что исследовательская компетентность выступает как сложный синтез когнитивного, предметно-практического и личностного опыта студентов. Определены и охарактеризованы ведущие функции исследовательской компетентности. Выявлены дидактические средства и условия реализации развивающих возможностей проектного обучения в зависимости от видов подготовки (теоретическая, практическая). Выделены и содержательно описаны уровни развития исследовательской компетентности. По результатам исследования, было установлено, что большинство респондентов имеют низкие уровни развития исследовательской компетентности и у 25 % студентов выпускных курсов имеют место высокие уровни развития данного вида компетентности. Это означает, что выпускники современной высшей школы в большинстве своем недостаточно готовы к успешной деятельности и современному быстро и динамично меняющемуся рынку труда. Усиление развивающего потенциала проектного обучения влияет существенным образом на формирование исследовательской компетентности студентов.

Ключевые слова: технология, проектное обучение, формирование, исследовательская компетентность, студенты, дидактические средства, условия.

*Zh. A. Zulkarnaeva¹, A. Zh. Kusainova², A. K. Argimbayeva³, N. M. Shubayeva⁴
^{1,2,3,4}Sh. Ualikhanov Kokshetau University,
Republic of Kazakhstan, Kokshetau.
Material received on 17.03.22.

IMPLEMENTATION OF THE POSSIBILITIES OF PROJECT TRAINING TECHNOLOGY IN THE FORMATION OF RESEARCH COMPETENCE OF STUDENTS

This paper examines the possibility of project-based learning technology in the formation of research competencies of students. The purpose of the article is to substantiate the didactic means and conditions for the formation of students' research competence in the process of project learning. The authors of the article clarified the definitions of the concepts of «competence», «competency» based on the analysis of scientific literature. It is shown that research competence acts as a complex synthesis of cognitive, subject-practical and personal experience of students. The leading functions of research competence are determined and characterized. The didactic means and conditions for the implementation of the developmental possibilities of project training are revealed, depending on the types of training (theoretical, practical). The levels of development of research competence are highlighted and substantively described. According to the results of the study, it was found that the majority of respondents have low levels of development of research competence and 25 % of graduate students have high levels of development of this type of competence. This means that the majority of graduates of modern higher education are not sufficiently prepared for successful work in the modern rapidly and dynamically changing labor market. Strengthening the developmental potential of project-based learning significantly affects the formation of students' research competence.

Keywords: technology, project-based learning, formation, research competence, students, didactic tools, conditions.

Теруге 17.03.2022 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

6,83 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,7.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3882

Сдано в набор 17.03.2022 г. Подписано в печать 31.03.2020 г.

Электронное издание

6,83 Мб RAM

Усл.п.л. 28,7. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3882

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

<https://vestnik-pedagogic.tou.edu.kz/>